БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының ЖОББ»
мектеп директоры
Алиева Г.С.
«__» _____ 2026 ж.

КЕЛІСЕМІН
Директордың бастауыш
сынып бойынша оқу ісі
жөніндегі орынбасары
Куанышова Г.Б.
«21» 08 2026ж.

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА қаралды
Хаттама №1
Бірлестік жетекшісі
Бекова Қ.Ж.
«28» 08 2026ж.

«Ойлы оқырман» таңдау пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары 2026-2027 оқу жылы

Мұғалімі:Дайырбаева А.Б.
Сынып: 2 «Б»

КІРІСПЕ

«Ойлы оқырман» таңдау пәні осы қажеттілікті ескере отырып құрастырылды. Бағдарламаның басты бағыты – оқушыларды мәтінді саналы және түсініп оқуға, оның мазмұнын талдауға, негізгі ойды анықтауға, оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын түсінуге және мәтінді өз сөзімен мазмұндауға үйрету.

Таңдау пәні барысында оқушылар әртүрлі мазмұндағы шағын көркем және танымдық мәтіндермен жұмыс жасайды. Мәтіндерді оқу кезінде оқушылар кейіпкерлерді анықтайды, олардың іс-әрекеттерін салыстырады, жағымды және жағымсыз әрекеттерге баға береді, оқиға ретін анықтайды, мәтіннің негізгі ойын табады және өз пікірлерін білдіреді. Мұндай жұмыстар баланың тек тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін де дамытады.

Таңдау пәнінің мазмұнында оқушының өз ойын ауызша жеткізуіне ерекше көңіл бөлінеді. Сабақ барысында «Суретке қарап әңгімеле», «Оқиғаны ретімен орналастыр», «Тірек сөздер арқылы мазмұнда», «Кейіпкерге мінездеме бер», «Менің ойымша...», «Егер мен оның орнында болсам...», «Оқиғаны жалғастыр» сияқты тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың сөйлеуге деген сенімділігі қалыптастырылады.

Таңдау пәнін жүзеге асыру барысында оқушының жетістігін тек дайын мазмұндау нәтижесі арқылы емес, оның мәтінмен жұмыс істеу барысындағы белсенділігі, сұрақтарға жауап беруі, тірек сөздерді орынды қолдануы, оқиға ретін сақтауы, кейіпкерлерді сипаттауы және өзіндік пікір білдіруі арқылы бағалау көзделеді. Бұл оқушының жеке даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

«Ойлы оқырман» таңдау пәні оқушының бойында оқу әрекетіне қызығушылық қалыптастырып, өз ойын еркін жеткізуге, тыңдай білуге, оқығанын түсініп қолдануға және алған білімін өмірлік жағдаяттарда пайдалануға бағытталған. Таңдау пәнін жүйелі түрде жүзеге асыру нәтижесінде оқушылардың сөздік қоры молайып, сөйлеу мәдениеті жетіліп, мәтін мазмұнын түсіну және мазмұндау дағдылары біртіндеп қалыптасады.

Осыған байланысты ұсынылып отырған таңдау пәні бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушылардың оқу және тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған қосымша әдістемелік мүмкіндік береді. Таңдау пәнінің мазмұны сабақтағы негізгі оқу материалын толықтырып, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес шығармашылық және практикалық тапсырмалар орындауына жағдай жасайды.

АННОТАЦИЯ

«Ойлы оқырман» таңдау пәні 2-сынып оқушыларының мәтінді түсініп оқу, оқығанын жүйелі түрде мазмұндау, сөздік қорын байыту және ауызша байланыстыры сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік бағыттағы бағдарлама болып табылады.

Таңдау пәнінің негізгі идеясы – оқушыны мәтінді механикалық түрде қайта айту емес, оның мазмұнын түсініп, негізгі ойын анықтап, оқиға желісін сақтай отырып, өз сөзімен еркін жеткізуге үйрету. Осы мақсатта мәтінмен жұмыс жасаудың қарапайымна күрделіге қарай құрылатын жүйесі ұсынылады.

Зерттеу кезеңдері

1. Дайындық кезеңі.

Бұл кезеңде оқушылардың мәтінді оқу, түсіну, сұрақтарға жауап беру, сөздік қор және мазмұндау деңгейі анықталады. Оқушылардың бастапқы мүмкіндіктерін анықтау үшін шағын мәтіндер, сурет бойынша әңгіме құрастыру, оқиға ретін анықтау және сұрақтарға жауап беру тапсырмалары жүргізіледі.

2. Негізгі немесе эксперименттік кезең.

Бұл кезеңде аптасына 1 сағат көлемінде жоспарланған 34 сағаттық таңдау пәні жүзеге асырылады. Оқушылар жинақтағы мәтіндерді оқып, мәтін мазмұнын талдауға, тірек сөздерді анықтауға, оқиға желісін реттеуге, кейіпкерлерге сипаттама беруге және мәтінді мазмұндауға арналған тапсырмаларды орындайды.

3. Қорытынды кезең.

Таңдау пәні соңында оқушылардың бастапқы және соңғы нәтижелері салыстырылады. Мәтінді түсіну, мазмұндау, сөздік қорды пайдалану, оқиға ретін сақтау, сөйлемдерді байланыстыру және өзіндік пікір білдіру деңгейлеріндегі өзгерістер анықталады.

Жұмыстың нәтижесі мен қорытындысы

Таңдау пәнін жүйелі жүргізу нәтижесінде оқушылардың мәтінді түсініп оқу, оқиға желісін анықтау, негізгі ойды табу, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру және мәтінді өз сөзімен мазмұндау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Оқушылар мәтінді мазмұндау кезінде тірек сөздерді орынды қолдануды, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруды, оқиғаның басталуы, дамуы және аяқталуын сақтауды үйренеді. Сонымен қатар өз пікірін білдіруге, сұрақтарға толық жауап беруге және өзгенің пікірін тыңдауға дағдыланады.

ТҮСІНІК ХАТ

«Ойлы оқырман» таңдау пәні 2-сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама бастауыш білім беру деңгейінде оқушылардың оқу сауаттылығын, ауызша байланыстырып сөйлеуін, мәтінді түсіну және мазмұндау қабілетін дамыту қажеттілігіне негізделіп әзірленді.

Таңдау пәнінің оқу жүктемесі аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағат көлемінде жоспарланады. Сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ойын, көрнекілік, шығармашылық және коммуникативтік әдістерді ұштастыра отырып ұйымдастырылады.

Таңдау пәні барысында оқушының мәтінді тек оқып шығуына емес, оқығанын түсінуіне, талдауына, есте сақтауына және өз сөзімен қайта айтып беруіне ерекше мән беріледі. Мұндай жұмыс оқушының оқу әрекетін белсендіруге және өз ойын ауызша жеткізуге деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Таңдау пәнінің мақсаты

Оқушылардың көркем және танымдық мәтіндерге деген қызығушылығын арттыра отырып, мәтінді түсініп оқу, негізгі ойды анықтау, оқиға желісін сақтап мазмұндау және ауызша байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Сонымен қатар оқушыны өз ойын еркін жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, мәтін мазмұны бойынша қорытынды жасауға және өз пікірін білдіруге үйрету көзделеді.

Таңдау пәнінің міндеттері

- оқушылардың мәнерлеп, түсініп және саналы оқу дағдыларын дамыту;
- мәтіннің мазмұнын түсінуге және негізгі ойын анықтауға үйрету;
- мәтін бөліктерін ажырату және оқиғалардың ретін анықтау дағдыларын қалыптастыру;
- тірек сөздер мен суреттерге сүйеніп мазмұндау тәсілдерін меңгерту;
- жоспар бойынша жүйелі әңгімелеуге үйрету;
- оқушылардың сөздік қорын молайту;
- толық сөйлеммен жауап беру дағдысын қалыптастыру;
- кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға және бағалауға үйрету;
- өзіндік пікірін білдіруге және пікірін қарапайым түрде дәлелдеуге дағдыландыру;
- логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- тыңдау, сұрақ қою, жауап беру және өзара пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын және оқу белсенділігін арттыру;
- ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді, отансүйгіштік пен әдептілікті мәтін мазмұны арқылы насихаттау.

Таңдау пәнінің өзектілігі

Бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі мәтінді оқып шыққанымен, оның мазмұнын толық әрі жүйелі түрде айтып беруде қиындықтарға кездесуі мүмкін. Кейбір оқушылар мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата алмайды, оқиға ретін шатастырады немесе ойын қысқа, үзік сөйлемдер арқылы жеткізеді.

Осыған байланысты мазмұндау жұмысын арнайы жүйе бойынша ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Оқушыға бірден «мәтінді мазмұнда» деген тапсырма берудің орнына, оның алдында мәтінді түсінуге көмектесетін бірқатар шағын әрекеттер орындатылады. Мысалы, оқиға орнын анықтау, кейіпкерлерді табу, тірек сөздерді белгілеу, суреттерді ретімен орналастыру, сұрақтарға жауап беру және оқиғаның басталуы мен аяқталуын анықтау.

Осындай жүйелі әрекеттер арқылы оқушы біртіндеп толық мазмұндауға көшеді. Бұл тәсіл баланың өзіне деген сенімін арттырып, сөйлеу кезіндегі қобалжуын азайтуға мүмкіндік береді.

Таңдау пәнін ұйымдастыру принциптері

Бағдарлама төмендегі негізгі қағидаларға сүйенеді:

- жүйелілік қағидасы – тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай ұйымдастыр
- қолжетімділік қағидасы – оқушының жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тапсырма беру;
- көрнекілік қағидасы – сурет, сызба, тірек сөздер және басқа көрнекі құралдарды тиімді пайдалану;
- белсенділік қағидасы – оқушыны сабақтың белсенді қатысушысы ретінде қалыптастыру;
- жеке тұлғаға бағыттау қағидасы – әр оқушының қабілеті мен оқу қарқынын ескеру;
- шығармашылық қағидасы – оқушының өз ойын еркін айтуына және шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасау;
- коммуникативтік қағида – оқушылардың өзара сөйлесуіне, пікір алмасуына және тыңдау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беру.

Таңдау пәнінің мазмұндық бағыттары

Бағдарламаның мазмұны оқушылардың күнделікті өмірімен және олардың танымдық қызығушылығымен байланысты тақырыптарды қамтиды.

Күтілетін нәтиже

Таңдау пәнінің соңында оқушылар:

- мәтінді түсініп және мәнерлеп оқи алады;
- мәтіннің негізгі ойын анықтай алады;
- мәтіндегі оқиғалардың ретін сақтай алады;
- мәтіннің басталуы, негізгі бөлімі және аяқталуын ажырата алады;
- тірек сөздер мен суреттер арқылы мәтінді мазмұндай алады;
- мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап бере алады;
- кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере алады;
- өз ойын қарапайым әрі түсінікті түрде жеткізе алады;
- оқыған мәтіні бойынша өзіндік пікір білдіре алады;
- сөздік қорын орынды пайдалана алады;
- байланыстырып сөйлеу барысында сөйлемдерді бір-бірімен мағыналық жағынан байланыстыра алады;
- жұптық және топтық жұмыстарға белсенді қатысады;
- өзгенің пікірін тыңдап, құрметтеуге үйренеді;
- кітап оқуға және оқу әрекетіне қызығушылық танытады;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінеді.

Бағалау және бақылау

Оқушылардың жетістігін анықтау барысында қалыптастырушы бағалау элементтері қолданылады. Бағалау тек соңғы нәтижеге емес, оқушының оқу барысындағы белсенділігіне де негізделеді.

Қажет болған жағдайда оқушының бастапқы және қорытынды деңгейін салыстыру арқылы оның жеке даму динамикасы анықталады.

ТАҢДАУ ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫ

«Ойлы оқырман» таңдау пәнінің мазмұны 2-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оқу сауаттылығын қалыптастыру талаптарына және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту қажеттілігіне негізделген.

Бағдарлама мазмұнында мәтінді түсініп оқу, мәтіннің негізгі ойын анықтау, тірек сөздерді табу, оқиға желісін ретімен айту, кейіпкерлерді сипаттау, сұрақтарға толық жауап беру, сурет бойынша әңгіме құрастыру және оқыған мәтінді өз сөзімен мазмұндау жұмыстарына басымдық беріледі.

Сабақтарда жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлері, ойын элементтері, шығармашылық тапсырмалар, рөлдік ойындар, көрнекілік және тірек сызбалар тиімді қолданылады.

Таңдау пәнінің мазмұны бес негізгі бағыттан тұрады.

I бөлім. Өзім туралы және мектеп ортасы – 4 сағат

Бұл бөлім оқушылардың өздері, мектептегі өмірі, оқу әрекеті және күн тәртібі туралы білімдерін кеңейтуге бағытталады.

II бөлім. Ерлік, өнер және мамандық – 8 сағат

Бұл бөлім оқушылардың ерлік, еңбек, өнер және мамандық туралы түсініктерін кеңейтіп, олардың сөздік қорын молайтуға бағытталады.

III бөлім. Отбасы және достық құндылықтары – 12 сағат

Бұл бөлім оқушыларды отбасы мүшелерін құрметтеуге, достықты бағалауға, адалдыққа, мейірімділікке және татулыққа тәрбиелеуге бағытталады.

IV бөлім. Танымдық оқу және кітап тарихы – 6 сағат

Бұл бөлім оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, танымдық белсенділігін дамытуға және білімнің маңызын түсіндіруге бағытталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ойлы оқырман» таңдау пәні – 2-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын, ауызша байланыстырып сөйлеуін және мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған практикалық бағдарлама.

Таңдау пәнінің мазмұны оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдалған мәтіндер мен тапсырмалар арқылы олардың оқу белсенділігін арттыруға, сөздік қорын байытуға, өз ойын еркін жеткізуіне және оқығанын саналы түрде түсінуіне мүмкіндік береді. Мәтінді сурет, тірек сөз, жоспар, сұрақ және шығармашылық тапсырмалар арқылы меңгерту оқушының мазмұндау қабілетін біртіндеп қалыптастыруға жағдай жасайды.

Бағдарламаны жүйелі жүзеге асыру нәтижесінде оқушы тек мәтінді мазмұндап қана қоймай, оқығанын түсінетін, өз ойын айта алатын, пікір білдіретін, тыңдай білетін және қарым-қатынас мәдениетін меңгерген белсенді тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік алады.

«ОЙЛЫ ОҚЫРМАН» ТАҢДАУ ПӘНІНІҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

2-сынып, барлығы – 34 сағат, аптасына – 1 сағат

№	Сабақ тақырыбы	Мазмұны мен оқу мақсаттары	Сағат	Күні	Ескер
1	Білім күні *«Алғашқы қоңырау»*	Мәтінді түсініп оқу. Мәтіннің мазмұны мен көңіл күйін анықтау. Оқиғаны басталуы, негізгі бөлімі, аяқталуы бойынша ажырату. Өз ойын айту.	1		
2	Менің ана тілім *«Жүрекке жақын тіл»*	Күн тәртібі туралы мәтінді оқу. Оқиғаларды уақыт ретімен орналастыру. Сурет және тірек сөздер арқылы мазмұндау.	1		
3	Менің күн тәртібім *«Уақытын дұрыс жоспарлаған Аян»*	Батырларға тән қасиеттерді анықтау. Өленді мәнерлеп оқу. Өлеңнің негізгі ойын және көңіл күйін түсіну.	1		
4	Білім – кітапта *Мәтін тақырыбы: «Қарлығаштың құпиясы»*	Қажымұқан туралы мәтінді оқу. Кейіпкердің бойындағы қасиеттерді анықтау. Оқиғаны ретімен мазмұндау.	1		
5	Батыр бабаларым *«Ерлік ұмытылмайды»*	Мамандық түрлерімен танысу. Әртүрлі мамандықтардың қоғамдағы маңызын түсіну. Мәтін бойынша өз ойын жүйелі жеткізу.	1		
6	Өлең оқимын *«Домбыраның үні»*	Арман туралы мәтін оқу. Кейіпкердің арманын анықтау. Оқиға желісін сақтау арқылы әңгімелеу. Өз арманы туралы айту.	1		
7	Алып күш иесі *«Күштің сыры»*	Өнер мен еңбектің маңызын түсіну. Ұлттық ойындар туралы танымдық мәтін оқу. Ойын атауларын анықтау. Суреттер арқылы мазмұндау.	1		
8	Мен таңдайтын мамандық *«Айарудың таңдауы»*	1–7-сабақтарда меңгерген білім мен дағдыларды бекіту. Мәтінді түсіну, негізгі ойды анықтау, тірек сөздер арқылы мазмұндау. Өзін-өзі бағалау.	1		
9	Менің арманым *«Арман дәптері»*	Отбасы туралы мәтін оқу. Отбасы мүшелерінің бір-біріне қамқорлығын анықтау. «Менің отбасым» тақырыбында әңгіме құрастыру.	1		
10	Өнерлі бала сүйкімді *«Әдемі ою»*	Сәлемдесу мәдениеті туралы мәтінмен жұмыс. Әдепті сөздерді анықтау. Диалог құрастыру. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.	1		
11	Ұлттық ойындар *«Сақадағы сәт»*	Ата-ананың еңбегін бағалау. Мәтіннің негізгі ойын анықтау. Кейіпкерлердің әрекетіне баға беру. Өз ойын білдіру.	1		
12	Өзіңді тексер	Әже туралы мәтінді оқу. Үлкендердің	1		

	Оқығанды еске түсіру, қайталау және қорытындылау	ақылын түсіну. Туыстық атауларды ажырату. Мәтінді тірек сөздер арқылы мазмұндау.			
13	Менің отбасым *«Бір дастарқан басында»*	Достықтағы сенім мен өзара көмекті түсіну. Кейіпкерлердің қарым-қатынасын талдау. «Менің досым» тақырыбында әңгімелеу.	1		
14	Сәлем – сөздің анасы *«Бір ауыз сәлем»*	Сөздің адамға әсерін түсіну. Жағымды және жағымсыз сөздерді ажырату. Кешірім сұрау және кешіре білу туралы жағдаяттарды талдау.	1		
15	Ата-анаға құрмет *«Үнсіз алғыс»*	Достық туралы мәтінді оқу. Адал доска тән қасиеттерді анықтау. Мәтінді жоспар бойынша мазмұндау.	1		
16	Менің әжем *«Әжемнің ақылы»*	Қыс мезгілі туралы мәтін оқу. Ауа райына сәйкес киіну қажеттігін түсіну. Татулық, бірлік туралы ой бөлісу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.	1		
17	Менің туыстарым *«Бәріміз біргеміз»*	9–16-сабақтар бойынша білімді бекіту. Мәтінді түсіну, негізгі ойды анықтау, кейіпкерлерді сипаттау, өз ойын айту. Өзін-өзі бағалау.	1		
18	Досыма сенемін *«Сенім»*	Бұрынғы және қазіргі оқу үдерісін салыстыру. Танымдық мәтінмен жұмыс. Негізгі және қосымша ақпаратты ажырату.	1		
19	Біздің достарымыз *«Бірге болған жақсы»*	Мәтінді түсініп оқу. Білімді орынды қолданудың маңызын түсіну. Мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап беру. Негізгі ойды анықтау.	1		
20	Досыңды ренжітпе *«Бір ауыз сөз»*	Жақсылық жасау туралы мәтін оқу. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау. Жақсы және жаман әрекеттерді ажырату. Өмірден мысал келтіру.	1		
21	Достық – ең қымбат қазына *«Нағыз дос»*	Кітаптың пайда болуы мен өзгеру тарихы туралы танымдық мәтін оқу. Негізгі ақпаратты анықтау. Оқиғаларды ретімен орналастыру.	1		
22	Қысқа дайын бол *«Қарлы таң»*	Кітапты таза және ұқыпты ұстау ережелерімен танысу. Дұрыс және бұрыс әрекеттерді ажырату. Сурет бойынша әңгімелеу.	1		
23	Тату елдің баласымыз *«Бір аулада»*	Жолда жүру қауіпсіздігі туралы мәтін оқу. Қауіпсіздік ережелерін анықтау. Жағдаяттарды талдау. Өз ойын жүйелі айту.	1		
24	Өзіңді тексер *Оқығанды түсіну және қорытынды тексеру*	Білім мен еңбектің байланысын түсіну. Ақпаратты іздеу жолдарымен танысу. Бос уақытты тиімді пайдалану туралы әңгімелеу.	1		

25	Білімді бол *«Кішкентай жаңалық»*	Санамақтарды мәнерлеп оқу. Сандардың ретін сақтау. Санамақ мазмұнын түсіну. Өз санамағын құрастыруға талпыну.	1		
26	Бұрынғы кездегі оқу *«Ескі сандықтағы дәптер»*	Роботтар туралы танымдық мәтін оқу. Роботтардың адамға көмегін анықтау. Мәтіннен қажетті ақпаратты табу. Өз ойын білдіру.	1		
27	Білімді бала *«Терезедегі белгі»*	18–26-сабақтар бойынша білімді бекіту. Танымдық мәтінді түсіну, негізгі ақпаратты анықтау, сұрақтарға жауап беру, мазмұндау.	1		
28	Жақсылыққа жақын бол *«Кішкентай жақсылық»*	Қазақстан туралы мәтін оқу. Мемлекеттік рәміздермен танысу. Отанға деген сүйіспеншілік туралы өз ойын айту.	1		
29	Кітаптың тарихы *«Кітап қалай өзгерді?»*	Батырлық туралы мәтінді оқу. Батырға тән қасиеттерді анықтау. Кейіпкердің ерлігіне баға беру. Мәтінді тірек сөздер арқылы мазмұндау.	1		
30	Кітапты күтіп ұста *«Жаңбырлы күндегі кітап»*	Бейбарыс сұлтан туралы танымдық мәтін оқу. Кейіпкердің табандылығы мен елге деген сүйіспеншілігін түсіну. Мәтіннің тәрбиелік мәнін анықтау.	1		
31	Мектепке барар жолымыз *«Таңғы жол»*	Туған жер туралы мәтінді оқу. Қазақстан табиғаты туралы әңгімелеу. Атамекенді қадірлеу туралы өз пікірін білдіру.	1		
32	Білімнің күші *«Жауабын қайдан табамыз?»*	Қазақстанның пайдалы қазбалары туралы танымдық мәтін оқу. Негізгі ақпаратты анықтау. Табиғи ресурстардың маңызын түсіндіру.	1		
33	Менің бос уақытым *«Кешкі бір сағат»*	Туған жер, ауыл көрінісі туралы мәтінмен жұмыс. Балалық шақ ойындарын еске түсіру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мәтінді жүйелі мазмұндау.	1		
34	Санамақтар *«Саусақ санау» / «Ал, санаңдар!»*	Төрт түлік және олардың төлдері туралы мәтін оқу. Жыл бойы меңгерген оқу, түсіну, мазмұндау дағдыларын қорытындылау. Шығармашылық тапсырмалар орындау. Өзін-өзі бағалау.	1		
	Барлығы		**34**		

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі нормативтік-құқықтық және оқу-әдістемелік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған үлгілік оқу бағдарламалары.
4. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы.
5. «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша 2-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы.
6. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары және үлгілік оқу бағдарламалары.

Қазақ тілін оқыту және байланыстырып сөйлеуді дамытуға арналған әдебиеттер

7. Байтұрсынұлы А. **Тіл тағылымы.** – Алматы: Ана тілі, 1992.
8. Аймауытов Ж. **Психология.** – Алматы: Рауан, 1995.
9. Жарықбаев Қ. **Психология.** – Алматы: Білім, 1993.
10. Қабдолов З. **Сөз өнері.** – Алматы: Санат, 2002.
11. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. **Қазақ тілінің стилистикасы.** – Алматы: Мектеп.
12. Әбдікәрімова Т. **Бастауыш сыныпта байланыстырып сөйлеу әдістемесі.** – Алматы.
13. Сахипова З. **Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту.** – Алматы.
14. Оралбаева Н., Жақсылықова К. **Қазақ тілін оқыту әдістемесі.** – Алматы: Ана тілі.

Балалар әдебиеті және көркем шығармала р

15. Ыбырай Алтынсарин. **Кел, балалар, оқылық!** – Алматы: Балауса.
16. Абай Құнанбайұлы. **Қара сөздер.** – Алматы: Атамұра.
17. Ахмет Байтұрсынұлы. **Балаларға арналған шығармалар мен мысалдар.** – Алматы.
18. Спандияр Көбеев. **Үлгілі бала.** – Алматы.
19. Бердібек Соқпақбаев. **Балалық шаққа саяхат.** – Алматы.
20. Мұзафар Әлімбаев. **Балдырғанға балдырған.** – Алматы.
21. Қадыр Мырза Әли. **Балаларға арналған өлеңдер мен шығармалар.** – Алматы.
22. Сапарғали Бегалин. **Балаларға арналған әңгімелер.** – Алматы.
23. Марат Қабанбай. **Балаларға арналған шығармалар.** – Алматы.
24. Қазақ балалар әдебиеті: әңгімелер, ертегілер, өлеңдер мен танымдық шығармалар жинағы. – Алматы.

Қосымша электрондық және ақпараттық ресурстар

25. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми ақпараттық ресурстары.
26. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесі.
27. «Әдебиеттік оқу» пәніне арналған электрондық оқу-әдістемелік материалдар.
28. Бастауыш сынып оқушыларына арналған танымдық және энциклопедиялық материалдар.
29. Қазақ балалар әдебиетінің электрондық кітапханалары мен оқу ресурстары.
30. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға арналған әдістемелік материалдар.

МАЗМҰНЫ

1. **Кіріспе** 1
2. **Аннотация** 2
3. **Түсінік хат** **3**
   3.1. Таңдау пәнінің мақсаты 3
   3.2. Таңдау пәнінің міндеттері 3
   3.3. Таңдау пәнінің өзектілігі 3
   3.4. Таңдау пәнін ұйымдастыру принциптері 3
   3.5. Таңдау пәнінің мазмұндық бағыттары 4
   3.6. Күтілетін нәтиже 4
   3.7. Бағалау және бақылау 4
4. **Таңдау пәнінің мазмұны** **5**
   4.1. I бөлім. Өзім туралы және мектеп ортасы 5
   4.2. II бөлім. Ерлік, өнер және мамандық 5
   4.3. III бөлім. Отбасы және достық құндылықтары 5
   4.4. IY бөлім. Танымдық оқу және кітап тарихы 5
5. **«Ойлы оқырман»** таңдау пәнінің күнтізбелік-
   тақырыптық жоспары 6-8
6. **Пайдаланылған әдебиеттер** 9
7. **Мазмұны** 10